

Аудан әкімдігінің кейбір қаулыларының күшін жою туралы

Ақтөбе облысы Қобда ауданының әкімдігінің 2016 жылғы 20 қаңтардағы № 20 қаулысы

Қазақстан Республикасы 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Заңының 31, 37 баптарына, Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 21-1 бабына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аудан әкімдігінің төмендегі:

1) 2015 жылғы 24 шілдедегі № 153 "Қобда ауданының жергілікті атқарушы органдары "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің жыл сайынға бағалау әдістемесін бекіту туралы" (Ақтөбе облысы Әділет департаментінде 2015 жылғы 5 тамыздағы № 4458 тіркелген, аудандық "Қобда" газетінде 2015 жылы 27 тамызда жарияланған);

2) 2015 жылғы 29 қазандағы № 259 "Қобда ауданының жергілікті атқарушы органдары "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің жыл сайынғы бағалау әдістемесін бекіту туралы" аудан әкімдігінің 2015 жылғы 17 шілдедегі № 153 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" (Ақтөбе облысы Әділет департаментінде 2015 жылғы 26 қарашадағы № 4608 тіркелген, аудандық "Қобда" газетінде 2015 жылы 17 желтоқсанда жарияланған) қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А. Жүсібалиев